



ӘОЖ 902.904 (574.5)
ҒТАМР 03.41.91

<https://doi.org/10.52967/akz2023.2.20.148.165>

Ұзынкүңгей петроглифіндегі бақсылық сюжеті (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан)

© 2023 ж. Амаргазиева Ә., Елесбай Н.

Keywords: archaeology, petroglyph, zooanthropomorphic image, shaman, semantics, worldview, ritual

Түйін сөздер: археология, петроглиф, зооантропоморфты бейне, бақсы, семантика, дүниетаным, ғұрыптық-рәсім

Ключевые слова: археология, петроглиф, зооантропоморфный образ, шаман, семантика, мировоззрение, ритуал

Asel Amargazieva^{1*} and Nurzhuma Yelesbay²

^{1*}Corresponding author, Master of Humanities, Senior Researcher, State Historical and Cultural Reserve-Museum «Issyk», Esik, Kazakhstan. E-mail: klio_7@mail.ru

²Master of Pedagogical Sciences, Researcher, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan. E-mail: n.a.sh_januya@mail.ru

A theme of shaman in the Uzynkungei petroglyph (South-Eastern Kazakhstan)

Abstract. This article presents a review of the petroglyphic composition located at Uzynkungei, which is situated on the northern slope of the Ketpen Ridge. The composition, entitled “the rise of the Shaman,” is a complex theme that has not been previously introduced into scientific circulation. The objective of this study is to decode the main plot of the rock art, which features an anthropomorphic image, presumably of a shaman. The research analyzes the semantics of zooanthropomorphic images found in petroglyphs from Kazakhstan and Central Asia. A comparative stylistic analysis was conducted, and the relative dating of the monument was determined. Archaeological and ethnographic materials were used in the study, along with examples and scientific evidence, to support the hypothesis that the rock image depicts the process of performing a ritual action by the main character, a shaman. The composition is complex due to its inclusion of animals, such as deer, argali, and wolves, as well as anthropomorphic figures representing the upper, middle, and lower worlds. The main character is depicted standing on a wolf, holding objects in his hands, wearing a headdress, and featuring a tail. Two additional anthropomorphic figures are present in the composition, each holding an object in their hands, with one leg slightly bent at the knee in a pose indicating readiness to jump and ascend to a new level of enlightenment. These three figures help to elucidate the meaning of the composition, including the understanding of the image of the main character, his actions, and the process of his formation. The absence of a palimpsest and the updating of petroglyphs in later periods indicate that the images were carved at the same time. Additionally, the patina of the stone surface and the darkening of all petroglyphs are homogeneous and stylistically identical to the monuments of the Bronze Age.

For citation: Amargazieva, A., Yelesbay, N. 2023. A theme of shaman in the Uzynkungei petroglyph (South-Eastern Kazakhstan). *Kazakhstan Archeology*, 2 (20), 148–165 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2023.2.20.148.165](https://doi.org/10.52967/akz2023.2.20.148.165)

Әсел Амаргазиева^{1*}, Нұржұма Елесбай²

^{1*}корреспондент авторы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, аға ғылыми қызметкер, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Есік қ., Қазақстан

²педагогика ғылымдарының магистрі, ғылыми қызметкер, М.О. Әуезов атындағы өнер және әдебиет институты, Алматы қ. Қазақстан

Асель Амаргазиева^{1*}, Нуржума Елесбай²

^{1*}автор-корреспондент, магистр гуманитарных наук, старший научный сотрудник, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Есік», г. Есик, Казахстан

²магистр педагогических наук, научный сотрудник, Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, г. Алматы, Казахстан



Ұзынкүңгей петроглифіндегі бақсылық сюжеті (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан)

Аннотация. Мақалада Ұзынкүңгей (Кетпен жотасының солтүстік беткейі) петроглифіндегі сюжеті аса күрделі, «Бақсының өрлеуі» деген атқа ие болған композиция қарастырылып, алғаш рет ғылыми айналымға енгізіледі. Зерттеудің негізгі мақсаты жартаc бетінен анықталған басты сюжет – бақсы бейнесіне ұқсас антропоморфты суретке талдау жасау. Жұмыста Қазақстанның және Орталық Азия петроглифтерінде кездесетін зооантропоморфты бейнелер семантикасы бойынша зерттеулер сарапталды. Салыстырмалы стилистикалық сипаттамасы жасалды, ескерткіштің салыстырмалы мерзімі анықталды. Зерттеу барысында тастағы суреттер басты кейіпкер шаманның ғұрыптық рәсімді өткізу процесін көрсететінін дәлелдейтін археологиялық және этнографиялық материалдар, ғылыми дәлелдер мен мысалдар пайдаланылды. Композицияның күрделілігі онда жоғарғы, орта және төменгі әлем картинасын тұтас мазмұндайтын жануарлар (бұғы, арқар, қасқыр) мен антропоморфты бейнелердің (біреуі зооантропоморфты, екеуі антропоморфты) болуы. Басты кейіпкер қолында заттары бар, өзіндік ерекше бас киімі және құйрығы бар, ұзын құйрықты қасқыр үстінде бейнеленген. Қызықтысы (көңіл аударуға тұрарлығы) композицияның келесі екі элементі болып табылады. Бұл екі антропоморфты сұлбадан әрқайсысы қолында қандай да бір зат ұстаған, аяқтарын аздап тізесінен бүгіп тұрған адамның өрге ұмтылып, секіру қимылын байқауға болады, жаңа деңгейге ұмтылуы болуы да мүмкін. Осы үш фигура композицияның ойын ашуға, негізгі кейіпкердің бейнесін және оның іс-қимылын, оның қалыптасу процесін түсінуге көмектеседі. Композициядағы петроглифтердің бір уақытта бәдізделгені даусыз, оны палимпсестің болмауы және кейінгі кезеңдерде жаңартылмағыны дәлелдейді. Сондай-ақ, тас бетінің патинасы мен барлық петроглифтердің күңгірттенуі біркелкі және қола дәуірінің мәнеріне жақын.

Сілтеме жасау үшін: Амаргазиева Ә., Елесбай Н. Ұзынкүңгей петроглифіндегі бақсылық сюжеті (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан). *Қазақстан археологиясы*. 2023. № 2 (20). 148–165-бб. DOI: [10.52967/akz2023.2.20.148.165](https://doi.org/10.52967/akz2023.2.20.148.165)

Шаманский сюжет в петроглифе Узынкунгей (Юго-Восточный Казахстан)

Аннотация. В статье рассматривается и впервые вводится в научный оборот одна из сложнейших композиций петроглифического скопления Узынкунгей (северный склон Кетпенского хребта), получившая название «Восхождение шамана» (посвящение шамана). Цель исследования: попытка расшифровать главный сюжет наскального рисунка – антропоморфного изображения (предположительно, шамана). В работе проанализированы исследования по вопросам семантики зооантропоморфных образов, встречающиеся в петроглифах Казахстана и Центральной Азии. Осуществлена сравнительно-сопоставительная стилистическая характеристика, определена относительная датировка памятника. В процессе исследования были использованы археологические и этнографические материалы, приведены примеры и научные доказательства, подтверждающие наше мнение о том, что наскальное изображение демонстрирует процесс проведения ритуального действия основным персонажем – шаманом. Сложность композиции заключается в том, что в ней присутствуют животные (олень, архар, волк) и антропоморфные фигуры (одна зооантропоморфная, две антропоморфные), представляя в целом картины верхнего, среднего и нижнего миров. Главный герой изображен стоящим на волке, с предметами в руках, в своеобразном головном уборе и с хвостом. Интересными, заслуживающими внимания, являются следующие два элемента композиции. Это две антропоморфные фигуры, каждая из них – держащий в руках какой-то предмет, слегка согнувший в колене ногу, в позе готового к прыжку человека, устремленного ввысь, возможно к новому уровню просветления. Эти три фигуры помогают раскрыть смысл композиции, понимание образа основного персонажа и его действий, процесс его становления. Нет сомнения, что изображения были выбиты синхронно, об этом свидетельствуют отсутствие палимпсеста и обновление петроглифов в более поздние периоды. Кроме того, патина каменной поверхности и потемнение всех петроглифов однородны и стилистически идентичны памятникам эпохи бронзы.

Для цитирования: Амаргазиева А., Елесбай Н. Шаманский сюжет в петроглифе Узынкунгей (Юго-Восточный Казахстан). *Археология Казахстана*. 2023. № 2 (20). С. 148–165 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2023.2.20.148.165](https://doi.org/10.52967/akz2023.2.20.148.165)



1 Кіріспе (Амаргазиева Ә., Елесбай Н.)

Ұзынкүңгей жартас суреттерінің композициялары айрықша мәнге ие. Яғни, тас бетіне әр түрлі көлемде жыртқыш аңдар, жануарлар мен антропоморфты бейнелер, жануарлар көші, таңбалар, символдық нышандар қашалған. Көне заман суретшілері жануарлардың сұлбасын дәл келтіріп, оларға тән ерекшеліктерді айқын көрсеткен. Әсіресе арқар, бұғы, қабан, түйе бейнелері ежелгі қолданбалы өнерде кездесетін аңдық стильде. Сонымен қатар, көркем бейнеленген ғұрыптық композициялар да кездеседі. Табылған антропоморфты бейнелер қатарына аңшылық көріністі беретін садақшылар, ғұрыптық рәсімдерге қатысушы кейіпкерлер жатады.

Ғұрыптық композицияның сюжеттеріне синкриттік бұқа, қасқыр, антропоморфты және зооантропоморфты (бақсы) петроглифтерді жатқызуға болады. Бұл суреттердің қандай әдет-ғұрыптарға сай салынғаны туралы ғылымда осы уақытқа дейін нақты дәлелдер жоқ. Дегенмен зертеушілер арасында ежелгі адамдардың діни наным-сенімдеріне байланысты тылсым табиғат күші мен жануарларға және аспан денелеріне табынушылығынан, жаратушы күштің бейнесін іздеу жолында пайда болды деген болжамды пікірлер қалыптасқан. Петроглифтердегі ең жұмбақ суреттердің бірі де, бірегейі жартылай адам, жартылай жануар немесе жануар бетпердесін киген, бас киімінде мүйіздері, ұзын құйрықтары бар кейіпкерлер. Ежелгі суретші оларды тылсым әлеммен байланыс орнатуы мен ғұрыптық іс-әрекеттер жасау барысын айқын көрсете отырып, салттық мифологиялық мазмұндағы сюжеттерге қатысты күрделі композициялар құрамында бәдіздеген.

Ұзынкүңгей сайынан ежелгі тұрғындардың діни наным-сенімдеріне байланысты сомдалған «бақсы» бейнесі табылды. Бұл осы жартастағы туындылардың ішіндегі ең көркем әрі күрделі композициялардың бірі. Зерттеу барысында композицияның көшірмесі алынып, қысқаша сипаттамасы жасалған. Көшірме 2018 жылы «Есік» музей-қорығының «Таңбалар. Петроглифтерден ою-өрнекке дейін» атты көрме экспозициясына қойылды. Төменде ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, осы композицияны тарқатып, ғылыми тұрғыда сипаттап, мазмұны мен мерзімделуіне тоқталамыз.

2 Материалдар мен әдістер (Амаргазиева Ә.)


2.1 Зерттеу әдістемесі

Мақалада қарастырылған петроглиф археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған нысан болып табылады (1-сур.). Тақырыпқа талдау жүргізу кезінде археолог, тарихшы және фольклортанушы (А. Тойшанұлы, М.И. Артамонов, А.К. Ақышев, К. Ақышев, Н.А. Боковенко, Б. Камалашұлы, В.Д. Кубарев, Б. Қанарбаева, Т.Е. Қартай, З. Самашев, Т.Ю. Сем, Б. Уахатов, И.Н. Швец және т. б.) ғалымдардың мұндай суреттердің ежелгі дәуір адамдарының өміріндегі дүниетанымдық тұрғыдағы алар орны жайлы айтылған ойлары мен тұжырымдамалары қарастырылып, пайдаланылды. Сондай-ақ, мақаланы жазу кезінде археологиядағы дәстүрлі: сипаттау, салыстырмалы типологиялық талдау, ұқсастықтарды іздеу сынды әдістер қолданылып, ғылыми қорытындылар ұсынылады.

2.2 Материал сипаттамасы

Орналасуы, сипаттамасы

Ұзынкүңгей № 1 шоғырындағы жартас суреттері орналасуларына байланысты алты топқа бөлінген (2-сур.). Онда 70-тен астам петроглиф салынған тақтатаст бар. Әр тақтатаста кемінде екі,



1-сур. Ұзынкүңгей петроглифтерінің картада орналасуы. ©SAS. Planet. Release. 141212 Google Maps

Fig. 1. Location of Uzunkungei petroglyphs on the map. © SAS. Planet. Release. 141212 Google Maps.

Рис. 1. Расположение петроглифов Узункунгей на карте. © SAS. Planet. Release. 141212 Google Maps

үш сурет салынған. Петроглифтердің көлемі 5–120 см аралығында, 1 мм тереңдікте бедерленген. Біз қарастырып отырған композиция үшінші топтың ортаңғы бөлігінде, тік жалпақ (ішінара сынған, бүлінген) № 56-а тақтатаста бейнеленген (3-сур.). Тақтатастың бастапқыдағы көлемі едәуір кең болған, 4/1 бөлігі сынып, жойылған. Қалған ені 75 см, биіктігі 180 см болатын тақтада, өлшемдері 7×8,5–40×50 см шамасы 20-дан астам сурет топтастырылған. Олар, жоғарғы бөлігінде шығысқа бағытталған төрт арқар, одан сәл төмен батыс бөлігінде батысқа бағытталған арқар, композицияның орталық бөлігінде (18×11,5×20 см) қасқырдың жуан мойнында тұрған, ұзын құйрықты, басында биік, екі буынды, шашақты бас киімі бар, оң қолына сылдырмақ, сол қолына даңғыра немесе шалмаға ұқсас сапқамшы (асаяқта болуы да мүмкін?) ұстаған адам (41,5 см) бейнесі (бақсы?) қашалған. Композицияның астыңғы және алдыңғы (оңтүстік шығыс) бөлігінде бұғы мен бір тізесін бүгіп, садақ тартқан адамдар сұлбасына ұқсас және алты, жеті арқар суретімен қатар бірнеше беймәлім таңбалар кездеседі.

Бұл суреттер үлкен бір композицияны құрап, оның күрделілігін көрсетіп тұр. Тақтадағы бейнелерді үш бөлікке бөліп қарастыруға негіз бар. Жоғарғы бөлігіндегі арқарлар – аспан әлемін,



2-сур. Ұзынкүңгей, 3-топтағы петроглифтер шоғыры. Орындаған Әсел Амаргазиева
Fig. 2. Uzynkungei, accumulation of petroglyphs in group 3. Performed by Asel Amagrazieva
Рис. 2. Узынкүңгей, скопление петроглифов в 3-й группе. Исполнитель Асель Амаргазиева

одан төмен аспан мен жерді байланыстырып тұрған бөрі үстіндегі адам образы болса, ең төменгі тұстан күн символын көрсететін мүйіздері шиыршықталған арқар сұлбасын көреміз. Ол күн көзі жерден көріне бастаған, таң мезгілін аңғартады. Осылайша бұл композицияда космологиялық түсініктер: уақыт, табиғат құбылыстары және қоғамның әлеуметтік құрылымы мен діни наным-сенімдері көрініс тапқан.

3 Талдаулар мен нәтижелер (Амаргазиева Ә., Елесбай Н.)

Мерзімделуі

Жартас бетіндегі бейнелеу өнері ескерткіштерін кезеңдерге жіктеу мен салынған уақытын анықтауда әртүрлі әдістемелер қолданылады, солардың ішінде ескерткіштердің басқа да түрлерімен салыстырмалы зерттеу және сәйкестендіру, мысалы петроглифтерді көне монументалдық өнердің



3-сур. Ұзынкүңгей, № 56-а тақтасындағы композиция. Орындаған Әсел Амаргазиева

Fig.3. Uzynkungei, compositions from the plane No. 56-a. Performed by Asel Amagrazieva

Рис.3. Узынкунгей, композиции из плоскости № 56-а. Исполнитель Асель Амаргазиева

дамуы аясында түсіндіру немесе радиокөміртектік мерзімдеу мүмкіндігін пайдалану және т. б. [Самашев 2012: 25–26]. Кетпен жотасындағы петроглифтерді мерзімдеу мәселесінде радиокөміртектік сараптама жасалмаған. Ондағы сюжеттер салыстырмалы стилистикалық жағынан Жетісу жартас суреттеріне тән мәнерде [Амаргазиева 2022: 14], әсіресе Таңбалы, Баянжүрек, Құлжабасы және т. б. ескерткіштеріне ұқсас (1-кесте). Салыстырмалы тұрғыдағы зерттеулер нәтижесінде анықталғандай олардың басым бөлігі қола және ерте темір дәуіріне тиесілі.



1-кесте – Жетісу жармасы суреттеріне тән мәнердегі петроглифтер

Table 1 – Petroglyphs in the style of the rock paintings of Zhetysu

Таблица 1 – Петроглифы в стиле, характерном для наскальных рисунков Жетысу

№	Атауы	Петроглиф, ескерткіш	
Қола дәуірі			
1	Бұқа		
		а. Баянжүрек	б. Ұзынкүңгей
2	Шеңбер ішіндегі жануар		
		а. Құлжабасы	б. Ұзынкүңгей
3	Қолдарын жайып тұрған адам		
		а. Құлжабасы	б. Баянжүрек
			
			с. Ұзынкүңгей
4	Антропоморфты бейне		
		а. Таңбалы	б. Ұзынкүңгей
Ерте темір дәуірі			
5	Қабан		
		а. Каракүңгей	б. Ұзынкүңгей
Ортағасыр кезеңі			
6	Түйе мінген адам		
		а. Баянжүрек	б. Ұзынкүңгей
Ескертпе: 1а, 6а – [Самашев 2012] бойынша; 2а, 3а – [Марьяшев, Железняков 2013] бойынша; 1б – [Амаргазиева 2022] бойынша; 2б, 3с, 4а, б, 5б, 6б – Амаргазиеваның материалдары, алғашы рет жариялануы; 3б, 5а – [Самашев 2006] бойынша			



Ғалымдар зооантропоморфтық немесе қандайда бір мифологиялық кейіптегі антропоморфты, киелі бейнелердің қола дәуірі петроглифтерінің репертуарында едәуір басым болғанын айтады [Самашев 2006: 140; Каримова 2019: 95]. Табыну кейпіндегі сюжеттер, культтік сюжеттер, босанған әйел сценалары осы дәуірдің кейінгі кезеңінде пайда болған [Бейсенов, Марьяшев 2014: 67–68]. И.Н. Швец петроглифтердегі ежелгі антропоморфтық бейнелерді зерттей келе, олардың өркендеу кезеңі қола дәуірінде болған, ал ерте темір дәуірінде жойылып кеткен деген тұжырым жасайды [Швец 1999: 103]. Ерте темір дәуірінде жартасқа сурет салу өнеріндегі туындыларында аңдық стил басымдылық алып, жануардың сакральды тұстарына (мүйізі, аталығы, тұяғы, тұмсығы, т. б.) үстемділік берілген.

Салыстырмалы стилистикалық тұрғыдан қарағанда, Ұзынкүңгейдегі антропоморфты бейне қола дәуірінің соңғы кезеңі немесе өтпелі кезеңге тиесілі болуы мүмкін. Жоғарыдағы келтірілген мамандар пікіріне сүйенсек, антропоморфты суреттерді қола дәуіріне жатқызуға болады, ал ондағы аркарлар сұлбасы ерте темір ғасырының мәнерінде сомдалған. Алайда, композиция патинасының біркелкілігі петроглифтердің бір уақытта бәдізделгенін көрсетеді.

Сонымен қатар, Ұзынкүңгейдегі антропоморфты бейне мазмұндық жағынан Баянжүрек, Ешкіөлмес (Жетісу), Байқоңыр (Орталық Қазақстан) жартастарындағы қола дәуірінің петроглифтеріне жақын.

Алайда, Баянжүрек кейіпкерінің мерзімделуі бойынша ғалымдар арасында екі түрлі пікір қалыптасқан. Осы нысанды ұзақ жылдар зерттеген петроглифист З. Самашев антропоморфты фигураларды энеолит кезеңіне жатқызса [Самашев 2006: 170], археолог-ғалым К.М. Байпақов пен А.Н. Марьяшев бұл фигуралармен қатар салынған жылқы бейнелерін Ешкіөлмес жартас суреттерімен бір стильде салынғанын және замандас екенін алға тартып: «Маскарад киімді мүсін басқалардың қатарында қашалған және қашау техникасы бойынша да, патинасы бойынша да олардан ерекшеленбейді, демек бұл сюжетті энеолит дәуірімен байланыстыра қоюдың реті жоқ», – деп, қола дәуірімен мерзімдейді [Байпаков, Марьяшев 2008: 15]. Қасқыр культі Орталық Азия жерінде энеолит дәуірінде қалыптаса бастағанымен, бұл кезеңдегі жартас бетіндегі туындылардың репертуарында қола дәуіріндегідей кеңінен таралмаған. Олар қола дәуірі петроглифтерінде – қасқыр адам, жыртқыш қасқыр түрінде бейнеленген [Марьяшев, Железняков 2013: 38].

Петроглифтер шоғырының хронологиялық шегін анықтауда келесі мәселе маңайдағы жерлеу орындарынан анықталған материалдар мен кездейсоқ олжаларды қарастыру аса маңызды екені белгілі. Барлау барысында қола, ерте темір, орта ғасыр кезеңдерінің жерлеу орындары анықталған. Бұл нысандарға қазбалар жүргізілмегендіктен археологиялық жәдігерлер негізінде мерзімдеу әдісін қолдана алмаймыз. Әзірше жоғарыда көрсетілген стилистикалық салыстыру әдісімен шектелеміз.

Семантикасы

Алғашқы қоғамда Құдаймен байланыс орнату процесін әртүрлі іс-әрекеттерден іздеген, соның бірі петроглифтердегі жануарлар мен жартылай адам (зооантропоморфты) бейнесінде көрініс тапқан [Самашев 2012: 151, Артамонов 1961: 57, Швец 2005: 133; және т. б.]. Олардың бейнесі ерекше. Мысалы, аңдар мен құстар түріндегі бетперде (маска) киген, киімдерінің етек-жеңдері шашақты, бас киімдері мүйізді (бұғы, тауешкі, т. б.) және құйрықтары ұзын болып келетін кейіпкерлер. Жартас бетіндегі антропоморфты бейнелердің кейбірінен іс-қимылды байқаймыз: би билеуде, әлде мінәжәт етуде, яғни рәсім өткізу барысында жалбарынған күйде немесе ойнақ жасауда (салуда). Мұндай бетперделі антропоморфтық бейнелерді зерттеушілер «шамандық» (бақсы) деп түсіндіреді [Швец 2005: 132]. А.П. Окладниковтің пікірінше қола дәуіріне тиесілі Байкал



петроглифіндегі антропоморфты суреттерінде бақылардың образы мен бақыға біткен қасиетін беру идеясы айқын көрініс тапқан [Окладников 1974: 83]. Ал Баянжүрек жартас суреттеріндегі антропоморфты бейнелерді З. Самашев: «Бұл кейіпкерлер көп жағдайда композициялар құрамында көрсетілген және олар салттық мифологиялық мазмұндағы сюжеттермен байланысты», – деп тұжырымдайды [Самашев 2012: 137]. Н.А. Боковенко ежелгі мифологиялық көріністерді археологиялық деректерден іздестіре келе жалпы дүниетанымдағы «шамандық» ілім (көзқарас) жүйесі неолит дәуірінде қалыптаса бастағанын айтады [Боковенко 1996: 40].

Ұзынкүнге сайының петроглифіндегі қасқыр үстіндегі адам бейнесі жоғарыда атап көрсеткен кейіпкер (бақы) болып табылса керек. Әдетте ғылыми зерттеулерде олардың семантикасын интерпретациялау мәселесі этнографиялық деректер бойынша берілген бақылардың сыртқы ұқсастықтары мен сипаттамаларына негізделеді.

Ежелгі дәуір кейіпкерлерінің бас киімі, шаш үлгісі, бетпердесі, қолындағы атрибуттары мен іс-әрекеттеріне қарай, олардың кейінгі кезеңдердегі, тіпті, күні бүгінге дейін жеткен бақы бейнесімен ұқсас тұстары көп екенін аңғаруға болады. Алдымен біз қарастырып отырған композициядағы кейіпкердің бас киіміне тоқталар болсақ, бас киімі сакралды, мүйізді. Ол екі буынды, бірінші буыны шаш үлгісіне ұқсас болса, екінші буыны (жоғарғы бөлігі) тауешкі басы мен мүйізіне келеді. Бақылардың мұндай бас киім үлгісінде олардың шығу тегі, тотемдік немесе адамды емдеу, көріпкелдік қасиетіне жүгінер кездегі шақыратын, ғайыптан пайда болатын піріне айналған жануар бейнесі болуы мүмкін. Ежелде бетперделер мен бас киімінің мағынасы адамдардың басқа кейіпке енуі, яғни, сол арқылы көрініс тапқан тіршілік иесіне айналуын қамтамасыз ететін құрал іспетті. Егер бетперде мен бас киімде қандай да бір жануар бейнеленсе (бұғы, тауешкі, қасқыр, аю, құс), тиісінше адам сол жануарға айналған [Кубарев 2001: 90]. Этнографиялық деректерден де осы мазмұнды көруге болады. Мысалы, XIX ғ. соңында қазақ жерінде болған орыс зерттеушілерінің естелігінде келесідей ақпарат келтіріледі: «<...> Беснуясь, таким образом, баксы приходит в полное исступление и изнеможение, бегает с ревом по выражению Махдибаева, как опьяненный в случный период, самец верблюд, подражая собаке, выскакивает из юрты, бегает по полю, обнюхивая окружающее, мычит на подобие коров, – ржет, подражая жеребцу, воркует как голубь и т. д. Махдибаев все эти издающиеся звуки приписывает голосом присутствующих джинов (перлері болуыда мүмкін – авт.). <...> Баксы опять призывает своих джинов, описывая их внешность:

...Дулығалы су перім
Бәреке алды беклерім
Тартшы бермен дуларым.
Баймәнке келді осында,
Малайы бар басында,
Қырық жеті қасында,

Айдаһары астында... [Диваев 1899: 27–28] – деп бақының, яғни жындарын шақыру арқылы, оларды сипаттап өткен. Перілердің дулығалы екенін айтып, киесін сипаттау кезінде бас киімін де мадақтайды. Осылайша бақы бас киімнің өзгеше безендірілуінің өзіндік құпия мәні бар, кейіпкердің кім екенін, немен айналысатынын, қоғамдағы орнын немесе мифтік келбетін айшықтайды.

Жоғарыда келтіргендей бақы бірде бура болып шабынып, жылқыша кісінесе, енді бірде өгізше өкіріп, кептер даусын салады. Бұл сәтте ол жындарымен байланыс жасап, түрлі жан-



жануарлар киесі арқылы экстаздық күйге енеді, трансқа түседі. Мұндай процесті суретші оның іс-әрекеттерін, киімін, бұйымдарын, сыртқы келбетін сомдау арқылы ғана бере алады. Алғашқы қоғамда «адам өзінің әртүрлі жанды-жансыз нәрсенің кейпіне кіріп, өзгеріп кететіндігіне кәміл сенген <...>» [Уахатов 1974:44–45]. Демек ежелгі суретші мұндай ерекше тұстарды қалт жібермей, сипатын тасқа айқын бәдіздеген. Ұзынкүңгей композициясында екі буынды бас киімді сол кейіпкердің бақсылық бейнесін ашу мақсатында салып, оның тауешкі немесе мүйізді жануар кейпінде табиғатпен етене жақын күйде болатынын, тылсым күш егесіне айналып, жоғарғы әлеммен (ғарышпен) байланыс орната алатынын көрсеткісі келген.

Сонымен қатар, бұл кейіпкердің ұзын құйрығы жартылай адам, жартылай хайуан бейнесінде екенін көрсетеді. Археологиялық және этнографиялық материалдарға назар аударсақ, ежелде әскерлер мен аңшылар киім сыртынан аңдардың терісін жауып алған, не болмаса, белдіктеріне жануар құйрығын тағып жүрген. Құйрығы ұзын хайуан терісі ежелгі ер үшін оның қоғамдағы орны мен мәртебесін көрсеткен [Кубарев 2001: 90]. Сондай-ақ, жануарлар олардың жебеушісі, піріне айналып, тек өзінің ғана көзіне көрінетін болған дейді.

Мұндай сенім мен түсініктің қалыптасуы уақыт өте келе түрленіп, оның көзге көрінбес (реалды тұрғыда) бейнесін санада жасау арқылы қалыптасқан. Сананың мифтік кезеңінде адам өзі мен жануардың арасын алшақтата қоймаған. Адам мен жануарды бөлмеу, адамды екі кейіпті болады деп түсіну алғашқы қоғамдағы миф кейіпкерін жартылай адам, жартылай жануар түрінде бейнелейді, яғни зооантропоморфтық келбеті жасайды [Бабалар сөзі 2011: 96]. Осылайша абстракты түсінік қалыптасады.

Бақсы киімі – аң-құстардың бітеу сойылған терілерінен арнайы жасалған ғұрыптық киім. Бақсы киім-кешегін рәміздік тұрғыдан тірі де киелі «хайуан» деп санаған [Қазақтың этнографиялық категориялар 2011: 370]. Малдан тері бітеу алынса, демек құйрығыда сақталады деген сөз. Ұзынкүңгей петроглифіндегі антропоморфты бейнеде құйрықтың болуы да сол киім немесе хайуанмен астасқан синкреттік көрінісі.

Жетісу жерінде құйрықты антропоморфты бейнелер қандайда бір іс-қимыл әрекеттерін жасап тұрғандай көрінеді. Бұл петроглифтер Орта, Орталық Азия және оларға іргелес аймақтардан табылған сәулелі бас киім мен аң-құс бейнесіндегі бетперде киген, үстінде костюмдері аң терісіне ұқсайтын құйрықтары бар, қолдарында заттық атрибуттары бейнеленген антропоморфты немесе зооантропоморфты фигураларға ұқсас болып келеді. Сонымен қатар, олардың аймақтық және уақыт аралығының бір-бірінен алшақтығына қарамастан, мән-мазмұны жағынан мәдени байланыстары бары күмәнсіз [Самашев 2012: 141, Рогожинский 2011: 89]. Мән-мазмұндық тұрғысынан мұндағы кейіпкерлер қауымның аспан әлемі мен табиғат сырын ұғынуға тырысу кезіндегі, табыну мен тылсым күштермен байланыс орнатып, жалбарыну кезіндегі процестерді қозғаушы, орындаушы, адам мен осы тылсым күштердің арасындағы байланысты орындаушы субъект болса керек. Оның қарапайым антропоморфты бейнелерден ерекшелігі, түр-түрпатының ерекше сомдалуында ғана емес, яғни, бетперде, бас киімі, шапаны мен құйрықтары ғана емес, олардың қолдарында немесе қатарлас бейнеленген бұйымдарында болып тұр. Бұл атрибуттарына қарасақ, этнографиялық кезеңдердегі бақсы құралдарына өте жақын көрінеді. Әдетте бақсы жындарын жеке-жеке атап, шақырған кезде даңғыра, дабыл қағады, асатаяқпен жерді ұрады, сылдырмағын қағады [Қазақ әдебиетінің тарихы 2007: 185]. Ал ортағасырлардан бастап бақсының негізгі құралының бірі қобыз болған.




Ұзынкүнгеі петроглифіндегі композиция кейіпкерінің оң қолында сылдырмақ, сол қолында даңғыра іспетті бұйым бейнеленген. Сылдырмақ дөңгелек пішінді, төменгі бойында үш сәуле шашыраған. Бұл сәулелер құралдың музыка, дыбыс шығаратынын көрсету үшін әдейі сомдалған. Сол қолындағы бұйым (даңғыра) сопақ жиектері ғана шекілген, ішкі жағы үш бұрышты пішінде. Бұған дейін Орталық Азия: Таңбалы, Баянжүрек, Құлжабасы, Қыземшек (Қазақстан) Саймалы-Тас, Өрнөк (Қырғызстан), Лангар, Сой Сабаг (Тәжікстан) және Мугур-Саргол, Калбак-Таш (Ресей) петроглифтерінен анықталған бақсылық (шамандық) сюжеттерде садақ, таяқ (асатаяқ?), даңғыра, сылдырмақ, бетперде және басқада құралдар қатар сомдалған [Дэвлет 1996: 24; Швец 2005: 132; Каримова 2019: 100; Бобомуллоев 2020: 32]. Жартас бетіндегі антропоморфтық суреттердің қолындағы немесе маңында бейнеленген айналар, даңғыралар, асатаяқтар және т. б. дөңгелек таңбалар олардың культтік қызмет көрсетушілер (шамандар) екені және ежелгі тұрғындардың діни наным-сенімдерінің құрылымдарын көрсетеді (4-сур.). Осы құралдар көмегімен олар діни сенім салттарын, ғұрыптық рәсімдерін өткізіп отырған. Аталмыш наным-сенім қағидаларынан туындаған жоралғылар кейінгі шамандық, тәңіршілдік дәуірлердегі, тіпті, ежелгі дәуір әдебиетінен (әдеби мұралар мен жазба ескерткіштер) бұрын жартас суреттерінде көрініс тапқан.

Бұл құралдардың бақсы қызметіндегі рөліне тоқталып өтсек. Бақсылардың негізгі аспаптары рухтардың қалауымен жасалады. Шамандық әдет-ғұрыптардың негізгі бұйымының бірі даңғыра болып табылады. Даңғыра – ежелден бері келе жатқан қазақтың ұрмалы-сылдырмақты, қатты дыбысты, музыкалық аспабы. Бұл бір жағы терімен қапталған, ішкі жағынан темір алқалар, сақиналар мен сылдырмақтар ілінген дөңгелек шығыршық [Қазақ мәдениеті 2005]. Алғашқы қауым кезеңінде адамдар оны жыртқыш аңдардан қорғану үшін ойлап тапқан болуы мүмкін. Кейін осы соқпалы-шулы аспапты бақсы діни-ғұрыптық жоралғысында қолданған. Ғылыми еңбектер мен қолжазбаларда келтірілгендей – даңғыра, сылдырмақтың дауысы үдей түскенде бақсы қолдарын ербеңдетіп, бет-ауызын қисайтып, алыса бастаған, сонда отырған дүйім жұрт мұны жындардың келгені деп білген [Қазақ әдебиетінің тарихы 2007: 184; Жакыпов 1988: 7]. Даңғыраны соғу арқылы жындарын шақырып (перілерін, иелерін) ол ауруды айықтырады, қара күш иелерімен ымырасыз шайқасады, адам баласын қауіптен құтқарады, апаттан сақтайды, болашағын болжайды немесе дұрыс жолын көрсетіп, кеңесін береді.

Мұндағы кейіпкердің қолындағы бұйымның екінші болжамдық нұсқасын айтсақ, оның сол қолында – асатаяқ, ал оң қолында, керісінше жоғарыда көрсеткен сылдырмақты даңғыра болуы мүмкін. Егер мұндағы бұйымның бірі біз ойлағандай асатаяқ болса, олда бақсылардың аксессуарының ең маңызды компоненттерінің бірі болған [Қазақтың этнографиялық категориялар 2011: 218]. Кейінгі дәуірде, сақ-үйсін мифологиясы мен дүниетанымында бәйтерек ғарыш ағашы (өмір ағашы, діңгегі) ретінде рәмізделеді. Ғарыш ағашының шағын модель-үлгілері олардың көркем туындылары: аңдық стильдегі бұйымдарда, тұрмыстық заттарда (таяқ, қамшы, асатаяқ, астау, шырағдан) көрініс тапқан [Акишев 1984: 24]. Осылайша бұл заттар ғұрыптық жоралғыларды атқаратын, тіпті, олар шамандарға үш әлемді шарлауға мүмкіндік беретін құдіретке ие қасиетті құрал.

Ежелгі дәуір рухани мәдениеті археологиялық материалдарда көрініс тапқанымен оның толыққанды реконструкциясын жасауға мүмкіндік бере алмайды. Сол себепті де қазба материалдарын қарастырғанда, жартас суреттерін назардан тыс қалдырмайды немесе керісінше петроглифтерді мерзімдеу немесе мағыналық тұрғыдан түсіну кезінде археологтар міндетті түрде сол маңайдағы жерлеу орындары мен ғұрыптық кешендерінің материалдарына жүгініп, қатар



4-сур. Антропоморфты петроглифтер: 1 – Баянжүрек, 2 – Құлжабасы, 3 – Таңбалы, 4 – Мугур-Саргол (Енисей, Ресей), 5 – Лангар (Тәжігістан), 6 – Цагаан-Гол (Монғол Алтайы), 7 – Калбак-Таш (Алтай, Ресей). 1 – [Самашев 2012] бойынша; 2 – [Марьяшев, Железняков 2013] бойынша; 3 – [Рогожинский 2011] бойынша; 4 – [Боковенко 1996] бойынша; 5 – [Каримова 2019] бойынша; 6–7 – [Кубарев 2006; 2001] бойынша

Fig. 4. Anthropomorphic petroglyphs: 1 – Bainzhurek, 2 – Tamgaly, 3 – Kulzhabasy, 4 – Mugur-Sargol (Yenisei, Russia), 5 – Langar (Tajigistan), 6 – Tsagaan-Gol (Mongolian Altai), 7 – Kalbak-Tash (Altai, Russia). 1 – after – Samashev 2012; 2 – after – Maryashev, Zheleznyakov 2013; 3 – after – Rogozhinskiy 2011, 4 – after – Bokovenko 1996; 5 – after – Karimova 2019; 6–7 – after – Kubarev 2006; 2001

Рис. 4. Антропоморфные петроглифы: 1 – Баянжүрек, 2 – Тамгалы, 3 – Кулжабасы, 4 – Мугур-Саргол (Енисей, Россия), 5 – Лангар (Таджикистан), 6 – Цагаан-Гол (Монгольский Алтай), 7 – Калбак-Таш (Алтай, Россия). 1 – по: [Самашев 2012]; 2 – по: [Марьяшев, Железняков 2013]; 3 – по: [Рогожинский 2011], 4 – по: [Боковенко 1996]; 5 – по: [Каримова 2019]; 6–7 – по: [Кубарев 2006; 2001]



қарастырғанда ғана аз-кем болса да қосымша түсініктер қалыптасып, болжамды тұжырымдар жасалады. Шамандық ілім қай дәуірден бастау алғанын деп басып айту мүмкін емес, алайда, діни-ғұрыптық жоралғылардың көріністері ежелгі жерлеу орындары мен жартас суреттерінде көрініс тапқан. Қола дәуірінің жерлеу орындарынан адаммен бірге қой жауырыны табылған кездер кездеседі (Былықылдақ, Бұғылы II, т. б. жерлеу орындары). Жауырын ежелден бері бақсылар арасында көріпкелдік атрибуты болған [Маргулан 1998: 224]. Ал енді жартас суреттерінде антропоморфты бейнелердің басым болуына қарай, негізгі кейіпкері адам әрі оның қоршаған ортаны түсінуі мен олармен қарым-қатынасы маңызды және киелі жануарлардың өзі адам қызметінде болғанын байқаймыз. Осылайша осы кезеңдерден бастап діни-ғұрыптық жоралғыларды орындайтын белгілі бір адамның болғаны анық.

Ерте темір дәуірінің ескерткіштерінен ғұрыптық жораларды орындаушы өкілдерінің (абыз, бақсы болуы мүмкін деп болжам жасалған) жерлеу орындары анықталған (Есік, Аралтөбе, Тақсай, Үржар). Жерленген адамның қабірішілік атрибуттарының арасында: қола айна, сүйек, паста, алтыннан, тастан жасалған тұмар-моншақтар, қасқырдың тісі, табандары, тарақтар мен т. б. Олар бұндай заттарды, көзінің тірісінде, діни, ғұрыптық рәсімдерді (қызметтерін) атқару кезінде пайдаланған [Базарбаева, Джумабекова 2019; Лукпанова 2018: 231]. Оған қоса жерленген адамның киім үлгілері ерекше, әсіресе бас киімдері. Киімнің басты мақсаты – басшының, абыздың тұлғасын көтеру, оны күн сияқты Тәңір дәрежесіне жеткізу. Бас киімді безендірген бұйымдарындағы зооморфтық бейнелердің діни-идеологиялық мазмұны осы ұстанымды растайды [Акишев 1978: 52].

Ежелгі мифтік санада рухтың мәңгілік өмір сүретініне және адам өлгеннен кейін оның өмірі о дүниеде жалғасатындығына сенген. Қазба барысынан да анықталатын жәдігерлерге қарасақ, тіпті, «адамның бұл дүниедегі лауазымы, дәрежесі, қызметі де сақталады» деген мифтік таным болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, адам рухын о дүниеге жануарлар жеткізеді деген сенімнің көрінісі – өлікке жылқы арнау (бүтіндей немесе бір мүшесін қабірге қою), петроглифтердегі құрбандық шалу рәсімдерінің сахналануы және т. б. Ол жануар киелі, сол адамның (рудың, тайпаның) тотемі болған. Ежелгі тотемге айналған жыртқыштың бірі әрине қасқыр.

Ұзынкүнге композициясында ежелгі суретші қасқырдың мойнын жуан, құлағын тік, үшбұрышты, аяқтарын мығым, құйрығын бойынан бір есе ұзын етіп бейнелеп, тұмсығы мен азу тістерін айқындай түскісі келгенін байқаймыз. Мұнда Таңбалы жартас суретіндегі бұқа үстіндегі күн басты адам (Құдай) бейнесіне өте ұқсас мәнерді көреміз (4-сур., 3). Екі жартас суретінің мазмұны да ортақ. Яғни мифтік ұғымдар мен наным-сенімдер нәтижесіндегі пайда болған бейнелер. Көк бөріге қатысты культтік сенімдер Еуразия жерінде өте ертеде пайда болған (энеолит дәуірі), оны этнографиялық материалдармен дәлелдеп, мысалдар келтірудің де қажеті жоқ деп есептейміз. Себебі, ертеден қалыптасқан көк бөріге (қасқырға) қатысты наным-сенімдер әлі күнге дейін сақталып келеді. Бұл сенімдер мен ырым-тыйымдар тек қазақта ғана емес, күллі тегі түркіде әлі тұрмыс-салтында көрініс табады. Тіпті «көк бөрі түркінің – бабасы» деген тотемдік ұғым да ортақ [Қартай 2021: 8; Қанарбаева 2004: 41].

Этнограф-ғалым Т. Қартай «Бөрітаным» еңбегінде қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы «бөрі», яғни қасқыр тотемімен байланысты халықтық білімдер жүйесін зерттей келе: «Қасқырдың киелі, қасиетті хайуан саналуы немесе байырғы тайпалардың өмірінен маңызды орын алғаны жартастардағы бейнелерден көрініс табады. Жартастарға шеку, қыру, безеу техникаларымен қашалған жеке немесе көп бейнелі қасқыр композициялары ежелгі тұрғындардың наным-



сенімдері, дүниетанымымен қатар, аңшылық дәстүрлерінен мәлімет береді», – дейді [Қартай 2021: 13–19]. Қазақ ортасында «қасқыр жыңды бақсы» деген сөз тіркесі жиі қолданыста болған. Бақсылардың жындары, пірлері мен иелері арасында қасқыр кейпіндегісіде кездескен. Бақсы ойнақта оларды сарынға салып қай жақтан қалай келетінін айтып, хабар беріп, «бөрі ием», «төрт бөрі», «көк бөрі» және т. б. атаулармен шақырады [Бабалар сөзі 2013: 171]. Жартас бетіндегі ежелгі туындыдан қасқырдың киелі кейіпімен бақсылардың немесе ғұрыптық жоралғыларды орындаушы кейіпкерлердің тығыз байланыста болғанын анық көреміз. Бақсы қызметінде бөрі көмегіне жүгініп, табиғаттың тылсым күшіне иелік еткен. Кей мифтік ұғымдар бойынша бақсы үш әлемді (жоғарғы, ортаңғы, төменгі) және дүниенің төрт бұрышын жануар кейіпіндегі пірлерінің көмегімен лезде аралап келе алатын болған [Сем 2019: 9]. Мұндағы бөрінің үстінде тұруы да сол космологиялық түсініктермен байланысты болуы мүмкін. Бөрі үстінде кейіпкеріміз кеңістікке шығып, адамдар мен жануарлар мекенінен тысқары әлемді шарлайтынын меңзейді.

Көне нанымдардағы қасқырдың тотемдік рөлін тағы біз археологиялық қазбалар барысында немесе кездейсоқ табылған (қола, ерте темір дәуірлері, ерте түркілік кезеңіне тиесілі) жәдігерлерден (ат әбзелдері, шырағандар, қару-жарақтар, алқалар және т. б.) байқаймыз.

Композицияда негізгі (ортаңғы) кейіпкерден бөлек тағы екі антропоморфты бейне шекілген. Олар сәл төмен күншығыс жағында, бірі қасқырдан сәл төмен, екіншісі оның астында мүйіздері салаланған бұғы бейнесінің қатарында толық аяқталмаған арқар не белгісіз атрибут (бақсы қолына ұстаған даңғыраға өте ұқсас сурет) үстінде тұрғандай шекілген. Қолдарында ұстаған бұйымдары бар және бір тізелері сәл бүгілген күйде. Қолдағы құралдары анық көрінбегендіктен, оны не садақ, не басқалай құрал деп айту қиын. Бұл үш фигура бір кейіпкердің бейнесін ашатын, іс-қимыл процессін мазмұндайтын суреттер болуы мүмкін. Бір тізелерінің бүгілуінен өрге ұмтылудағы секіру қимылын байқауға болады. Мұнда Сібір халықтарында сақталып қалған шамандық ілімдегі бақсының бір деңгейден екінші деңгейге өту (өрлеу) үрдісі (орыс: ступени посвящения) көрініс тапқанын байқаймыз. Сібір шамандары өздерінің ерекше қабілеттерін көпшілік алдында дәлелдеу үшін арнайы рәсімдерді өткізіп, деңгейдің бес (кей деректерде тоғыз) сатысында айтулы заттарды алатын болған. Деңгейі неғұрлым жоғары болса, бақсыға соғұрлым үлкен талаптар қойылған. Бақсы деңгейдің келесі сатысына өтпей қалуыда мүмкін, бірақ белгілі бір шамандық әрекеттерді өз деңгейінде орындай алады. Дәрежесіне (деңгейіне) байланысты бақсы өзінің дабылы, темір тәжі, жауынгерлік шапанын алып және барған сайын күрделі рәсімдерді орындай алатын болған. Ең жоғары атақ – «зарин» деп аталады (бес не тоғыз деңгей). Адамдарды рухани күшіне сендіру үшін соңғы сатысында бақсы ауаға көтеріліп, ағаштың ұшар басында (бөрікбаста) қалықтаған күйде тұруы қажет. Ежелгі аңыздарға сенсек, алғашқы бақсылар, тіпті, аттарымен көкке дейін көтерілген [Петри 2011: 348].

Ұзынкүңгей жартас суреттерінің композициясы – осы «шаманның өрлеуі» рәсімінің ежелгі дәуірдегі иллюстрациялық түсіндірмесі, көркем бейнеленуі. Жартас суреттерінен байқағанымыздай (әсіресе Жетісу жеріндегі) кейбір шамандық рәсімдердің, салт-жоралғылардың генетикалық тұрғыдан ежелгі ғұрыптармен байланысы бар. Яғни, бақсылық өнердің қайнар көзі ежелгі замандардан басталып, бүгінгі күнге дейін жеткен. Петроглифтерді (басқа да археологиялық материалдармен қатар) жан-жақты зерттеу арқылы ежелгі мифологиялық және идеологиялық көзқарастарды қайта қалпына келтіру, рухани-дүниетанымдық құндылықтар жүйесінің жалпы даму заңдылықтарын анықтау сынды археологиядағы өзекті мәселелердің шешімін табуға болады.



4 Қорытынды (Амаргазиева Ә., Елесбай Н.)

Ұзынкүнгеі петроглифтері– ежелгі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, мифтік түсініктерін сипаттайтын көркем шығармашылықтың бір түрі. Қола дәуіріне тиесілі ғұрыптық көріністегі композицияларының ішінде күн (от) культі, жануарлар (жабайы бұқа) культі кездеседі және негізгі кейіпкер адам бейнесі болып табылады. Әсіресе, қола дәуірінің мәдениетін сан қырынан көрсететін «бақсының өрлеуі» композициясында аспан мен жер, жер асты әлемі, жануар мен адамның біртұтас, бауырлас жаратылыс иесі екені, тылсым табиғаттың күшіне сену, космологиялық ұғымдар, көкке ұмтылып жетуге тырысу, жебеуші әруақтардың, Құдайдың бейнесін іздеу жолындағы сананың реалдық, аса көркемдік және идеалдық түсініктер картинасы бейнеленген. Осы идеялар мен ұмтылыстардың, ізденістердің негізгі кейіпкері адам екенін байқаймыз. Антропоморфты сурет қарапайым сұлбада немесе аңшылық көріністе емес, оның кескінінен әлеуметтік ортадағы мәртебесі жоғары сатыда екені көрініп тұр. Оның екі буынды, мүйізді, биік бас киімі, ұзын құйрығы, қолдарындағы бұйымдары – даңғыра, сылдармақ (асатаяқ, сапқамшы?) осының дәлелі. Бұдан бөлек шекілген тағы екі антропоморфты бейне, осы негізі кейіпкердің келбетін ашу мен өмір жолын баяндайтын қосымша суреттер. Сонымен қатар ондағы жануарлардың кейбірі (арқар) құрбандыққа шалынған болса, кейбірі адамға әлемді (ғарышты) шарлауға, тылсым күшті иеленуге жәрдемдесетін киелі (культтік) аңдар (қасқыр). Жануарлар бейнесін шекуде қандайда бір тәртіппен орналастырған: тақта тастың жоғарғы бөлігінде аспан әлемін меңзейтін құдды бір жұлдыздар сынды кішкене өлшемдегі арқарлар тұрса, ортанғы тұста көлденеңінен салынған арқар (құрбандыққа шалынған), рухы жерден көкке көтерілген іспетті. Адамның бейнесімен ортанғы позициядағы қасқыр сұлбасы композицияның негізгі тақырыбын аша түседі. Яғни, киелі бөрі адамды аспанға (Тәңірге) жеткізуші, оның ғұрыптық «қызметшісі». Тақтаның астыңғы бұрышында бәдізделген мүйіздері салаланған бұғы мен шиыршықталған (мәңгіліктің нышаны) үлкен мүйізді арқарлар күннің (культі) көтерілуін бейнелеп тұр.

Осылайша, жоғарыда композиция мен ондағы антропоморфты бейненің мәнін ашу барысында археологиялық, этнографиялық материалдар негізінде салыстырмалы тұрғыда ежелгі тұрғындарының дүниетанымының кейбір мәселелері қарастырылды. Қорыта айтқанда, мақалаға арқау болған бұған дейінгі ғалымдардың зерттеулері, әр өңірдегі жартас суреттерінің бейнелік жағынан ұқсастығы – сурет тасқа қашалған кезеңіндегі адам қиялының, қоғамдық сананың, діни наным-сенімнің бір деңгейде болғанынан хабар береді. Сондықтан, Ұзынкүнгеі композициясы ғұрыптық жоралғыларды орындаушы – кейіпкер (құрбан шалатын, Құдаймен адамды, жер мен көкті, табиғатпен жануарларды, тіршілік иелерін байланыстырушы) бейнеленген бақсылық сюжет болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Акишев А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984. 176 с.
- 2 Акишев К.А. Құрған Иссык. М.: Искусство, 1978. 142 с.
- 3 Амаргазиева А.Ж. Кетпен жотасы петроглифінің сюжеттеріндегі бұқа бейнесі (Науакескен, Ұзынкүнгеі сайларының материалдары бойынша) // Қазақстан археологиясы. 2022. № 2 (16). 9-23-бб. DOI: 10.52967/akz2022.2.16.9.23
- 4 Артамонов М.И. Антропоморфные божества в религии скифов // АСГЭ. 1961. Вып. 2. С. 57-87.
- 5 Бабалар сөзі: Жүз томдық. 78-том. Қазақ мифтері. / Жауапты ред: Т. Әлбеков. Астана: Фолиант, 2011. 489 б.
- 6 Бабалар сөзі: Жүз томдық. 93-том. Магиялық фольклор. / Жауапты ред: Т. Әлбеков. Астана: Фолиант, 2013. 432 б.



- 7 Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С. Шаманка, жрица, принцесса? (К изучению статуса женщины сакской эпохи) // Edu.e-history.kz. 2019. № 3 (19). URL: <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1264> (каралған күні 16.01.2023)
- 8 Байпаков К.М., Марьяшев А.Н. Баян-Жүрек петроглифтері. Алматы: ИД Credo, 2008. 200 б.
- 9 Бейсенов А.З., Марьяшев А.Н. Петроглифы раннего железного века Жетысу. Алматы. Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2014. 156 с. +45 илл.
- 10 Бобомуллоев Б.С. Петроглифы Сои Сабаг в верховье Зеравшана // Учёные записки музея-заповедника «Томская писаница». 2020. Вып. 12. С. 22-34.
- 11 Боковенко Н.А. Проблема реконструкции религиозных систем номадов Центральной Азии в скифскую эпоху // Жречество и шаманизм в скифскую эпоху. М-лы междунар. конф. / Ред. А.Ю. Алексеев и др. СПб.: Наука, 1996. С. 39-42.
- 12 Диваев А. Из области киргизских верований – баксы как лекарь и колдун: Этнографический очерк (1920–1921 жылдардағы этнографиялық экспедиция материалдары) // М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазбақоры. Қолжазба: 156-бума. 1899, 123 б.
- 13 Дэвлет М.А. Генезис шаманства по материалам наскальных изображений Сибири // Жречество и шаманизм в скифскую эпоху. М-лы междунар. конф. / Ред. А.Ю. Алексеев и др. СПб.: Наука, 1996. С. 24-26.
- 14 Жақыпов С. Арқарбай дуана. 1988 // М.О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты қолжазба қоры. Қолжазба: 914-бума, 2-папка, 4-дәптер, 13 б.
- 15 Каримова Г.Р. Религия в петроглифах Таджикистана // Муаррих. 2019. № 1 (17). С. 92-114.
- 16 Кубарев В.Д. Шаманистские сюжеты в петроглифах и погребальных росписях Алтая // Известия лаборатории археологии Горно-Алтайского университета. Горно-Алтайск: ГАГУ, 2001. № 6. С. 89-107.
- 17 Кубарев В.Д. Мифы и ритуалы, запечатленные в петроглифах Алтая // Археология, этнография и антропология Евразии. 2006. № 3 (27). С. 41-54.
- 18 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. 812 б.
- 19 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна Ltd. 2005. 576 б.
- 20 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. I том. Ғыл. ред.: Нұрсан Ә. Алматы: DPS, 2011. 736 б.
- 21 Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. Алматы: Жазушы, 2004. 288 б.
- 22 Қартай Т.Е. Бөрітаным: экспедициялық зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2021. 104 б.
- 23 Лукпанова Я.А. Комплекс ритуальных предметов из элитного женского погребения в Западном Казахстане // Самарский научный вестник. 2018. Т. 7, № 4 (25). С. 228-232.
- 24 Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Сочинения. В 14-ти т. Т. 1. / Сост. Д.А. Маргулан, Д. Маргулан. Алматы: Атамұра, 1998. 400 с., илл.
- 25 Марьяшев А.Н., Железняков Б.А. Древности Кулжабасы. Алматы: ИА КН МОН РК, 2013. 150 с., ил.
- 26 Окладников А.П. Петроглифы Байкала – памятники древней культуры народов Сибири. Новосибирск: Наука, 1974. 168 с.
- 27 Петри Б.Э. Степени посвящения // Шаманизм народов Сибири. Этнографические материалы XVIII–XX вв.: хрестоматия в 2-х т. Т. 1. / Сост. Т.Ю. Сем. СПб.: Нестор-История, 2011. С. 345-349.
- 28 Рогожинский А.Е. Образы и реалии древнеземледельческой цивилизации Средней Азии в наскальном искусстве эпохи бронзы Южного Казахстана и Семиречья // Наскальное искусство в современном обществе (к 290-летию научного открытия Томской писаницы): м-лы междунар. научн. конф. (г. Кемерово, 22–26 августа 2011 г.). В 2-х т. Т. 2. / Сост. Л. Н. Ермоленко, О. С. Советова и др. Кемерово: Кузбассвузиздат, 2011. С. 87-99.
- 29 Самашев З. Петроглифы Казахстана. Алматы: Өнер, 2006. 200 с.
- 30 Самашев З. Жетісу жартас суреттері. Баянжүрек. Астана: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2012. 240 б.
- 31 Сем Т.Ю. Из истории шаманства: образы шаманов и шаманских ритуалов на петроглифах Верхнего Амура, Олекмы и Алдана // Религиоведение. 2019. № 3. С. 53-61. DOI: 10.22250/2072-8662.2019.3.53-61.



- 32 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы: Ғылым, 1974. 288 б.
33 Швең И.Н. Ритуальные сюжеты в наскальном искусстве Центральной Азии // Известия МОН РК. Сер. обществ. наук. 1999. № 1. С. 103-111.
34 Швең И.Н. Некоторые аспекты современного состояния изучения наскального искусства Центральной Азии // Археология, этнография и антропология Евразии. 2005. № 3 (23). С. 130-139.

REFERENCES

- 1 Akishev, A. K. 1984. *Iskusstvo i mifologiya sakov (Art and mythology of the Saks)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ. (in Russian).
2 Akishev, K. 1978. *Kurgan Issyk (Kurgan Issyk)*. Moscow: “Iskusstvo” Publ. (in Russian).
3 Amargazieva, A. Zh. 2022. In: *Kazakhstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 2 (16), 9-23 (in Kazakh).
4 Artamonov, M. I. 1961. In: *Arkheologicheskiy sbornik Gosudarstvennogo Ermitazha (Archaeological collection of the State Hermitage Museum)*, 2, 57-87 (in Russian).
5 Albekov, T. (ed.). 2011. *Babalar sözi. Juz tomdiq. 78-tom. Kazah mifleri (Words of ancestors: One hundred volumes. 78-vol. Kazakh myths)*. Astana: “Foliant” Publ. (in Kazakh).
6 Albekov, T. (ed.). 2013. *Babalar sozi. Juz tomdih. 93-tom. Magiyalyk folklore (Words of ancestors: One hundred volumes. 93-vol. Magical folklore)*. Astana: “Foliant” Publ. (in Kazakh).
7 Bazarbayeva, G. A., Jumabekova, G. S. 2019. In: “Edu.e-history.kz”, 3 (19). URL: <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1264> (accessed: 16.01.2023) (in Russian).
8 Baipakov, K. M., Mariyashev, A. N. 2008. *Bayan-Jurek petroglifteri (Bayan-Zhurek petroglyphs)* Almaty: “Credo” Publ. (in Kazakh).
9 Beisenov, A. Z., Mariyashev, A. N. 2014. *Petroglify rannego zheleznoogo veka Zhetysu (Petroglyphs of the early Iron Age Zhetysu)*. Almaty. Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
10 Bobomulloyev, B. S. 2020. In: *Uchenyye zapiski muzeya-zapovednika «Tomskaya Pisanitsa» (Scientific notes of the museum-reserve «Tomskaya Pisanitsa»)*, 12, 22-34 (in Russian).
11 Bokovenko, N. A. 1996. In: Alexeyev, A. Yu. et al. (eds.). *Zhrechestvo i shamanizm v skifskuyu epokhu (Priesthood and shamanism in the Scythian era)*. Saint Petersburg: “Nauka” Publ., 39-42 (in Russian).
12 Divaev, A. 1899. In: *M.O. Auezov atındagi Adebiet jane oner institwti qoljazba qori (Manuscript Fund of the Institute of M.O. Auezov Institute of Literature and Art)* // Koljazba: 156-buma (in Kazakh).
13 Devlet, M. A. 1996. In: *Zhrechestvo i shamanizm v skifskuyu epokhu Materialy mezhdunarodnoy konferentsii (Priesthood and shamanism in the Scythian era Proceedings of the international conference)*. Saint Petersburg: “Nauka”, 24-26. (in Russian).
14 Zhakypov, S. 1988. In: Archive of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art. Koljazba: 914-buma. 2-papka, 4-dapter (in Kazakh).
15 Karimova, G. R. 2019. In: *Muarrikh (Muarrich)*, 1 (17), 92-114 (in Russian).
16 Kubarev, V. D. 2001. In: *Izvestiya laboratorii arheologii Gorno-Altayskogo universiteta (Proceedings of the Laboratory of Archaeology of the Gorno-Altai University)*, 6, 89-107 (in Russian).
17 Kubarev, V. D. 2006. In: *Arkheologiya, etnografiya i antropologiya Yevrazii (Archaeology, Ethnography and Anthropology of Eurasia)*, 3 (27), 41-54 (in Russian).
18 Kazak adebietinin tarihy. 2007. *On tomdik, 1-tom (History of Kazakh literature. Ten volumes. 1-vol.)*. Almaty: “KAZakparat” Publ. (in Kazakh).
19 Kazak madeniety. 2005. *Enciklopediyalik anıqtamalık (Kazakh culture. Encyclopedic handbook)*. Almaty: “Arwna Ltd”». (in Kazakh).
20 Kazaktyn etnografiyalık kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli juyesi. 2011. *Entsiklopediya, 1 tom (Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia, 1-vol.)*. Almaty: “DPS” Publ. (in Kazakh).
21 Kanarbaeva, B. 2004. *Kazaktyn nanim-senimderinin folklordagy korinisi (Reflection of Kazakh beliefs in folklore)*. Almaty: “Jazushy” Publ. (in Kazakh).
22 Kartay, T. E. 2021. *Boritanym: ekspeditsiyalyk zertteuler (Mission: expeditionary research)*. Almaty: “Kazakh University” Publ. (in Kazakh).



- 23 Lukpanova, Ya. A. 2018. In: *Samarskiy nauchnyi vestnik (Samara Scientific Bulletin.)*, vol. 7, 4 (25), 228-232 (in Russian).
- 24 Margulan, A. Kh. 1998. In: *Sochineniya. V 14 tomakh. T. 1 (Essays. In 14-vol. 1-vol.)* Almaty: "Atamura" Publ. (in Russian).
- 25 Maryashev, A. N., Zheleznyakov, B. A. 2013. *Drevnosti Kulzhabasy (Antiquities of Kulzhabasy)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
- 26 Okladnikov, A. P. 1974. *Petroglify Baykala – pamyatniki drevney kultury narodov Sibiri (Petroglyphs of Baikal are monuments of the ancient culture of the peoples of Siberia)*. Novosibirsk: "Nauka" Publ. (in Russian).
- 27 Petri, B. E. 2011. In: Sem, T. Yu. (compl.). *Shamanizm narodov Sibiri. Etnograficheskiye materialy XVIII–XX vv.: khrestomatiya v 2 tomakh. 1 tom. (Shamanism of the peoples of Siberia. Ethnographic materials of the 18th–20th centuries: an anthology in 2 vol. 1-vol.)*. Saint Petersburg: "Nestor-Istoriya" Publ., 345-349 (in Russian).
- 28 Rogozhinskiy, A. Ye. 2011. In: Ermolenko, L. N., Sovetova, O. S et al. (eds.). *Naskalnoye iskusstvo v sovremennom obshchestve (k 290-letiyu nauchnogo otkrytiya Tomskoy pisanitsy) (Rock art in modern society (to the 290th anniversary of the scientific discovery of the Tomsk petroglyph))*. In 2 volumes. Vol. 2. Kemerovo: "Kuzbassvuzizdat", 87-99 (in Russian).
- 29 Samashev, Z. 2006. *Petroglify Kazakhstana (Petroglyph of Kazakhstan)*. Almaty: "Oner" Publ. (in Russian).
- 30 Samashev, Z. 2012. *Jetisu jartas suretter. Bayanjurek (Petroglyphs of Zhetysu. Bayanzhurek)*. Astana: Brunch of the Margulan Institute of Archaeology (in Kazakh).
- 31 Sem, T. Yu. 2019. In: *Religiovedeniye (Religious studies)*, 3, 53-61. DOI: 10.22250/2072-8662.2019.3.53-61 (in Russian).
- 32 Uakhatov, B. 1974. *Kazaktyn halyk olenderi (Kazakh folk poems)*. Almaty: "Gylym" Publ. (in Kazakh).
- 33 Shvets, I. N. 1999. In: *Izvestiya Ministerstva obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan. Ser. obshchestv. nauk (News of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Social sciences series)*, 1, 103-111 (in Russian).
- 34 Shvets, I. N. 2005. In: *Arheologiya, etnografiya i antropologiya Yevrazii (Archaeology, ethnography and anthropology of Eurasia)*, 3 (23), 130-139 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claims no conflict of interest.

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 23.02.2023.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 05.04.2023.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 15.05.2023.

